

КЕРБҰЛАҚТА КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР АЙТЫЛДЫ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРЛАН ҚҰМАТАЕВ КЕРБҰЛАҚ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗДІ. ҚАЛА БАСШЫСЫ АУЫЛДЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН ЖАНЖАҚТЫ ЖАҚСЫ ТАНЫС ЕКЕНДІГІН АЙТА КЕЛІП, ЖИНАЛҒАН КӨПШІЛІКТІҢ ОЙ-ПІКІРЛЕРІН, ҰСЫНЫСТАРЫН ТЫҢДАУҒА КЕЛГЕНДІКТЕН, БАЯНДАМА ЖАСАП УАҚЫТ АЛУДАН ГӨРІ БІРДЕН СҰРАҚ-ЖАУАПҚА КӨШУДІ ЖӨН ДЕП ТАПТЫ.

Ауыл тұрғындары сөзбасын «НұрАгро» азық – түлік корпорациясының жұмысына көңілдері толмайтындықтарынан бастады. Жиырма жылдан бері жер игерілмей, оны тек жалға берумен айналысып келген корпорация өзінің міндетті жұмыстарымен шұғылданбағандықтан жерді қайтарып алу мәселесі төтесінен қойылды. Кезінде Кербұлақ ауылында 400 гектар жерге пияз, 400 гектар жерге картоп егіліп, жыл сайын одан мол өнім алып келген. Алыс – жақыннан көшіп келген қандас бауырларымыздың ешқандай жер пайы болмағандықтан екі қолдары байлаулы отыр. Қала басшысы бұл төңіректегі өзекті мәселелермен таныс екендігін, корпорациядан биыл 500 гектар жерді қайтарып, ауыл тұрғындарына 5 – 10 гектардан бөліп беретіндігін айта келіп, оның шарттарын түсіндіре кетті. Яғни, корпорациядан алынған жер ауыл тұрғындарына бір жыл мерзімге беріледі. Егер ол жерді мақсатты пайдаланып, өз кәсібін дамытып өкетсе, келісім-шарт мерзімі келесі жылы әрі қарай ұзартылмақ. Бұл мәселені ауыл тұрғындары өзара ақылдасып шешу қажеттігіне көңіл аударды.

Кербұлақ ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақытбек Әбенев көп жылдардан бері түйіні шешілмей келе жатқан мәселені ортаға сала сөйледі. Кербұлақта 128 үй бұзылған. Ол үйлердің иелері үйлерін бұзып, материалдарын алып басқа жаққа көшіп кеткен. 2012 жылы ол жерлерге үй салуға рұқсат беріліп, қырыққа жуық адам үй де салған. Бірақ бүгінгі күнге дейін заңды рәсімдеуге келгенде, бұрынғы тұрғындардың рұқсаты



керек деген әңгіме екі ортада қолбайлау болып отыр. Жер бос жатса да, оған басқалардың үй салуға заңды құқы жоқ.

Нұрлан Орынбасарұлы үй салған адамдардың барлығы өтініштерін жазып, қолдарын қойып, өз араларынан белсенді азаматтарды шығарып, облыс әкімінің алдына осы мәселені қою жөнінде кеңес берді. Ауыл тұрғындары Бәдірадин Қаззаев, Дүйсен Әлиев тағы басқа азаматтар Кербұлақ ауылын жеке ауылдық округ етіп құру, су мәселесін, спорт алаңын салу, көше жарығын реттеу, ауылды газдандыру, тұрмыстық қалдықтардан тазарту сияқты күн тәртібінен түспей келе жатқан өзекті мәселелердің төңірегінде ой толғады. Бұл сауалдардың барлығына қала әкімі тұщымды жауап қайтарып, тиісті мекеме басшыларына тапсырмалар берді. Кездесуде көтерілген барлық мәселелер бойынша оның орындалу барысы жайында қазан айында тағы бір мәрте Кербұлаққа келіп, халық алдында есеп беретіндігін жеткізді.

Кездесуден кейін қала басшысы ауыл тұрғындарына қоғамдық қабылдау өткізді.

Заңғар АЛТАЙ



ТОКАЕВ НАЗНАЧИЛ ДАТУ ВЫБОРОВ ПРЕЗИДЕНТА

ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ УКАЗ О НАЗНАЧЕНИИ ВНЕОЧЕРЕДНЫХ ВЫБОРОВ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ АКОРДЫ.

Внеочередные президентские выборы в Казахстане пройдут 20 ноября 2022 года.

Центральной избирательной комиссии поручено обеспечить организацию и проведение внеочередных президентских выборов.

Правительству необходимо принять необходимые меры по организационному, материально-техническому и финансовому обеспечению внеочередных президентских выборов.

Акимам городов Астаны, Алматы, Шымкента и областей обеспечить своевременное составление и достоверность

списков граждан, обладающих избирательным правом, оказывать всемерное содействие центральной, территориальным и участковым избирательным комиссиям в решении вопросов организации и проведения внеочередных президентских выборов.

Указ вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Ранее Касым-Жомарт Токаев подписал поправки, предусматривающие введение в стране однократного президентского срока без права переизбрания.

БАСПАСӨЗ-2022

ҚАЛА АЙНАСЫНА ЖАЗЫЛУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Баспасөзге жазылу науқаны да басталды. Республикалық, облыстық басылымдармен қатар, мемлекетіміздің жүргізіп отырған саясатының дұрыс бағалануына, сол арқылы қоғамдық пікірдің дұрыс қалыптасуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан Қонаев қалалық «Нұрлы өлке» газетінің де өзіндік орны бар.

Осы орайда сала қызметкерлерімен қатар, еңбек ардагерлері де газеттің тұрақты оқырманы екенін айта кетуіміз қажет. Редакциямен тығыз әріптестік байланыс орнатқан Қонаев қаласының аға буын өкілдері қазақ баспасөзінің жанашыры ретінде жергілікті басылымға қолдау көрсетуді өзімізге парыз тұттық. Қалалық Ардагерлер мен Қоғамдық келісім кеңесінің мүшелері кейінгі буынға үлгі-өнеге болу ниетімен биыл да алғашқылардың бірі болып қаланың төл газетіне жазылып отырмыз.

Қонаев қаласы әкімдігі мен қала аумағында қоныстанған барлық мекемелер мен кәсіпорындар қызметкерлерін қаламыздың айнасы «Нұрлы өлке» газетіне жазылуға шақырамыз. Сіздерді жергілікті басылымға жазылудың маңыздылығын жете түсініп, ұжымдық ауызбіршіліктің жарқын үлгісін көрсетеді деп сенеміз.

Амангелді БЕСПАЕВ,
қалалық Ардагерлер және
Қоғамдық келісім кеңестерінің төрағасы

